

"Индер ауданы әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Индер ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 93 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 7 ақпандағы № 19 қаулысы. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 52 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 31.03.2023 № 52 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Занының 26-бабына сәйкес, Индер ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Индер ауданы әкімдігі "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Индер ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 93 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4142 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

корсетілген қаулымен бекітілген Индер ауданы әкімдігі "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесінде:

5-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

"5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі немесе ол болмаған жағдайда персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) міндеттерін атқару жүктелген өзге құрылымдық бөлімше (тұлға) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.";

41-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

"41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа еki қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысадан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дереккор (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 43-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

42-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Индер ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Т. Мурзинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

C. Отегұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК